

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ  
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ КЛИНИКАЛЫҚ ФАРМАКОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

# СӨЖ

Тақырыбы: **Стоматолог тәжірибесінде витаминді препараттар.**

Орындаған: Ахмедов А. Х.  
Топ: 304 стом  
Тексерген: Орынбасар Г. Қ.

Астана – 2017 ж



# Кіріспе

## Дәрумендік препараттар

Дәрумендер зат алмасуына қатысуы көбінің коферменттер немесе олардың негізгі құрамдас бөліктері болуына байланысты.

Дәрумендердің көбі ағзада синтезделмейді. Әдетте олардың көзі тағамдық өнімдер болып табылады. Ағзада тек В3 (теріде ультракүлгін сәуленің әсерінен) және никотинамид (триптофаннан) түзіледі. Бірқатар дәрумендер (К дәрумені және т.б.) микро-организмдерден тоқ ішекте түзіледі. Белгілі жағдайларда айқын немесе айқын емес дәрумендік жетіспеушілік (гиповитаминоз, авитаминоз) дамуы мүмкін. Витаминдер мөлшерінің тағам құрамында аз болуы жетіспеушіліктің жиі кездесетін себебі. Сонымен қатар, асқазан-ішек жолы қызметінің кейбір патологиялық өзгерістері дәрумендердің сорылуын бұзуы мүмкін. Кейбір жағдайларда, ағзаның дәруменге қажеттігі жоғарылауында (мысалы, жүктілік, тиреотоксикоз, қызба) гиповитаминоз дамуы мүмкін.

Дәрумендер жетіспеушілігін құрамында көкөністер, жемістер, жануар тектес өнімдер бар диетамен толтыруға болады. Бұл, әрине, гиповитаминозды жоюдың қолайлы және қарапайым жолы, себебі, тағам құрамында витаминдер кешені бар. Бірақ, бұл кезде дәрумендерді мөлшерлеу қиын. Егер дәрумендердің сорылуы бұзылған болса, тағамдық дәрумендерді қолдану тиімсіз.

## Суда еритін дәрумендер препараттары

Бұл топқа дәрумендердің едәуір саны, соның ішінде В тобының дәрумендері, С дәрумені және т.б. жатады.

Тиамин (В дәрумені) үлкен мөлшерде бидай ұнының кебегінде, күріште, бұршақта, ашытқыда, басқа да өсімдік және жануар тектес өнімдерде кездеседі.

Тиамин ішектен сорылып, фосфорланады және тиаминпирофосфатқа айналады. Бұл түрде ол кетоқышқылдардың (пирожүзім, а-кетоглутар) тотығудан декарбоксилденуіне қатысатын декарбоксилаза мен глюкозаның пентозофосфаттық жолмен ыдырауына қатысатын транскетолазаның коферменті болып табылады. Тиаминнің жетіспеушілігінде көмірсу алмасуы күрт бұзылады, одан кейін метаболизмнің басқа да түрлері. Қанда және тіндерде пирожүзім және сүт қышқылы жиналады.

В-гиповитаминозы полиневрит, бұлшықет әлсіздігі дамуына, сезімталдықтың бұзылуына әкеледі. Осы витаминнің ауыр жетіспеушілігінде (бери-бери ауруы) парез және паралич дамуы мүмкін. Сонымен қатар, жүрек-тамыр жүйесінің қызметі де бұзылады. Кейде тахикардия, жүрек дилатациясы, ісінумен жүретін жүрек шамасыздығы дамиды. Диспепсиялық бұзылыстарда байқалады

Тиамин тұздарын парентералды жолмен (бұлшықетке) енгізгенде препараттардың био жеткіліктігі жоғары. Олардың ішектен сорылуы шектеулі. Ортаның сілтілігі жоғарылағанда тиаминнің бұзылатынын ескерген жөн. Тиаминнің белгілі мөлшері тіндерде қорға жинайды. Тиамин және оның айналдыру өнімдері ағзадан бүйрек арқылы шығарылады. Тиаминді оның жетіспеушілігінде, невритте, невралгияда, парезде, радикулитте, бірқатар тері ауруларында, асқазан-ішек жолының, жүрек-тамыр жүйесінің патологиялық жағдайларында қолданады. Тәжірибеде қолдану үшін тиамин бромиді және тиамин хлориді (ішке және парентералды тағайындайды) шығарылады. Тиамин препараттарын қолданғанда әдетте уытты әсерлер дамымайды. Кейде аллергиялық реакциялар байқалады. Рибофлавин (В2 витамині) үлкен мөлшерде бауырда, бүйректе, жұмыртқада, сүт өнімдерінде, ашытқыда, дәнді дақылдар құрамында көп кездеседі. Тиаминнің дифосфорлы эфирі болып табылатын кокарбоксилаза препараты (тиаминдирофосфат, котиамин) шығарылады. Карбоксилаза коферменті болып табылады. Жүрек ритмі бұзылғанда, коронарлық қан айналымының бұзылыстарында, әр түрлі себепті ацидозда, қант диабетіне байланысты кома алды және комалық жағдайларда қолданады.

## Майда еритін дәрумендер препараттары

Бұл топтың витаминдері А, О, Е, К витаминдерін біріктіреді. А дәруменіне құрылымы ұқсас қосылыстар кіреді: ретинол (А дәрумені-спирт, А витамині, аксерофтол), дегидроретинол (Аз дәрумені), ретиналь (ретинен, А дәрумені-альдегид), ретиной қышқылы (А дәрумені-қышқыл) және олардың эфирлері мен кеңістік изомерлері. А витамині (эфир-пальмитат түрінде) жануар өнімдерінде: балық майында (треска, палтус, теңіз алабұғасы), бауырда, сиырдың сары майында және басқа да сүт тағамдарында кездеседі. Өртүрлі өсімдіктерде және жартылай жануарлар өнімдерінде А- продәрумендер - каротиндер (а, Р, ү-изомерлер) кездеседі. Ағзада олар А витаминіне айналады. Өте кең тараған және өте белсенді изомер р- каротин. р- каротиннің 1 молекуласының ферменттік ыдырауы (гидролизі) А витаминнің 2 молекуласының түзілуіне әкеледі. Каротиннің едәуір бөлігі сәбізде, петрушкада, қымыздықта, саумалдықта, бүргенде, шетенде, итмұрында, өрікте кездеседі.

А дәруменінің зат алмасуына әсерінің негізгі бағыты анықталмаған. Ол тотығу-тотықсыздану үрдістерінде (қанықпаған байланыстар санының көптігінен) маңызды рөл атқарады. А дәрумені мукополйсахаридтер, ақуыз, липидтер синтезіне қатысатыны жөнінде мәлімет бар. А витаминінің фоторецепция үшін маңызы зор. А витамині жетіспеушілігінде қараңғыға бейімделудің бұзылуы немесе ақшам соқырлық (мұндай жағдайды гемералопия немесе "тауық соқыр" деп атайды) дамуы осының куәсі болып табылады. Соңғысының себебі мынандай. Торлы қабатта әлсіз карқынды жарыққа сезімталдығы жоғары арнайы жасушалар (таяқшалар) бар. Олардың құрамына опсин ақуызымен байланысқан ретинальдан (А витаминінің альдегид түрі) тұратын жарыққа сезімтал родопсин пигменті кіреді. Жарықтың әсерінен бұл кешен ыдырап, жүйке импульстерінің генерациясын тудырады. Алғашқыда бірқатар аралық қосылыстар түзіледі. Ыдырау үрдісі ретиналь және опсин түзілуімен аяқталады.


А витаминінің жетіспеушілігінде тері және шырышты қабық тосқауылдарының бұзылуы ағзаға инфекция енуіне қолайлы жағдай туғызады, қабыну үрдістерін дамытады. Жараның жазылуы, олардың гравуляциясы және эпителизациясы баяулайды. А витаминінің авитаминозы гипохромды анемияның дамуына әкелуі мүмкін.

Ағзаның инфекцияға резистентілігінің жоғарылауы А витаминінің иммунитетте ынталандырғыш әсер етуіне байланысты. Соңғысының қатерлі ісік үрдістерінің дамуын алдын алуда маңызы зор болуы мүмкін.

А витамині негізінен аш ішекте сорылады. Оның дисперсиялануы және абсорбциясы үшін өт қышқылдары қажет. Осыған байланысты өт түзілуінің жетіспеушілігінде А витаминінің гиповитаминозы дамуы мүмкін. Мұндай жағдайларда А витамині препараттарын парентералды енгізу қажет. Сорылғаннан кейін А витамині лимфатикалық жолдармен бауырға түсіп, едәуір мөлшерде ретинол пальмитат түрінде қорға жиналады. Қанға босап шыққан ретинол оның тіндерге тасымалдануын қамтамасыз ететін қан сарысуы ақуыздарымен байланысады. Ағзада А витамині толық химиялық айналдыруға ұшырайды.



Витаминдер және басқа да биологиялық активті заттар жақ-бет аймағының ауруларын алдын-алу және кешенді терапия үшін кеңінен қолданылады. Өте кішкентай дозаларда жоғары биологиялық белсенділікке ие болу үшін олар қалыпты жасушалық метаболизм және тіндердің трофизмі, пластикалық зат алмасу, энергияның трансформациясы, барлық мүшелер мен тіндердің қалыпты жұмыс істеу қабілеттілігі, тіндердің өсуі мен регенерациясы, организмнің иммунологиялық реактивтілігін қамтамасыз ету үшін қажет.



Витаминдердің жетіспеушілігімен регенерация үдерістері төмендейді, гиповитаминоздың алғашқы белгілері жиі стоматит, гингивит, глоссит болып табылады, соған байланысты диагнозды стоматолог бірінші тез қояды.



# ЭЛЕВИТ ПРОНАТАЛЬ

Элевит Пронаталь – емізетін және жүкті әйелдерге арналған витаминдер, минералдар және микроэлементтер кешені.



**INSTRUCTION IN ENGLISH PROVIDED**



# ҚОЛДАНУ ӘДІСІ

Элевит Пронатальді бір таблеткадан күніне 1 рет, тамақтан кейін 15 минуттан кейін көп мөлшерде сумен толтыру керек. Жүктілік кезінде және лактация кезінде жоспарланған концепциядан үш ай бұрын ұсынылған қабылдау. Емдеу немесе алдын алу курсы жүкті әйелдің денесінің күйіне байланысты және жеке дәрігердің қатаң түрде тағайындайды.



# ЖАНАМА ӘСЕРЛЕРІ:

Әдетте жақсы төзімді. Асқазан-ішек бұзылыстарының біреуін (іш қату) қоспағанда. Сондай-ақ, препараттың кез келген компоненттеріне аллергиялық реакциялар болуы мүмкін.









# ПАЙДАЛАНУҒА ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕР:

Препараттың кез-келген компонентіне жоғары сезімталдық жағдайында Элевит Пронаталь препаратын қабылдауға болмайды. Гипервитаминоз, А витамині және / немесе D дәрумені болған кезде бауыр мен бүйрек функциясы бұзылғанда, сондай-ақ, препарат кальций мен темірді пайдаланудың бұзылуында қолдануға болмайды.



# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Рахимов К.Д., Абдуллин КА. До клинические испытания лекарственных средств. Методические указания . - Алматы - 1997. С. 112-115

Кукенов М.К., Әдекенов С.М., Рахимов ҚД-, т.б.  
Қазақстанның дәрілік өсімдіктер және оның қолданылуы .  
1998, 286 бет.

Google.kz

Wikipedia.kz